ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ШИЕЛІ АУДАНЫ

БӘЙГЕҚҰМ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІ

КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ШИЕЛИЙСКИЙ РАЙОН

АКИМ СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
БАЙГЕКУМ»

ӨКІМ

«21» 04 20 25 ж./г.
Бәйгеқұм ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 37
село Байгекум

Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» №148-II Заңының 37 бап, 3- тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Мемлекетік сатып алу туралы басшылыққа ала отырып, 16 бап, 3-тармақ, 28-тармақшасына сәйкес,

1. Егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, мемлекеттік сатып алу заңы бойынша рұқсат етілген. «Бәйгеқұм ауылдық округі әкімі аппараты» КММ мен Жеке кәсіпкер «BES ARYS» (БИН 950330301456) арасында суммасы 1 200 000 теңгеге (ҚҚС-сыз) Бәйгеқұм елді мекеніне көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы келісім шарт жасасу өткізілсін.
2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасауды мекеменің қаржы саласы жөніндегі жетекші маманы С.Мусалимоваға қалдырамын.
3. Өкім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Бәйгеқұм ауылдық округі әкімі **Д.Абжапбаров**

Мемлекеттік сатып алуға түсіндірме жазба

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына» Жолдауының «Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат» жолдауында «*Мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалады. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болады.*» деген халыққа үндеуі нақты айтылған. 2022-2024 жылдар аралығында тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрау және ашық конкурс тәсілдерімен сатып алынды. Тәжірибе көрсеткендей, сатып алынатын тауарлар мен қызметтер сапасыз болды, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Мемлекетік сатып алу туралы басшылыққа ала отырып, 16 бап 3-тармақ, 28-тармақшасына сәйкес, біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер **біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің** құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, мемлекеттік сатып алу заңы бойынша рұқсат етілген. Осы ретте, Сізден «Бәйгеқұм ауылдық округі әкімі аппараты» КММ мен Жеке кәсіпкер «BES ARYS» (БИН 950330301456) арасында суммасы 1 200 000 теңгеге (ҚҚС-сыз) Бәйгеқұм елді мекеніне көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы келісім шарт жасасуға келісім беруіңізді сұраймын. Заңның 5-бабына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы **шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы** не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам **қабылдайды**. Сонымен қатар, Заңның 6-бабына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады делінген. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам жоғарыда көрсетілген **қағидаттардың сақталуына дербес жауапты болады**. Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Мемлекетік сатып алу туралы заңына сәйкес, бір көзден таңдаған мекеме жергілікті мердігер болса, өз еліне, ауданына жанашыр, ерекше көзқарасымен атқарылатынына сенеміз. Елдің дамуы ауылдың гүлденуінен басталады. Елді мекеннің көркейіп, өркендеуіне зор үлесін тигізері сөзсіз. Заң талаптарын сақтай отырып, бір көзден келісім шартқа отыруға ықпал жасап, жұмыс жасауға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Жетекші маман Мус **С.Мусалимова**